

Мектеп түлектерінің Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) бойынша кейінгі үш жылғы қорытындыларына салыстырмалы талдау, ҰБТ – ге дайындық шаралары туралы

2020/2021 оқу жылында 11 сыныпты бітіруші түлектер саны – 44 оқушы. ҰБТ – ге қатысқан оқушылар саны – 38. Жалпы орташа балл – 81,13-ті құрады. 100 балдан жоғары жинаған оқушылар саны – 5. Оқу жылы бойынша 44 оқушының барлығы оқу орындарына орналасты. Жоғары оқу орнына түскен оқушылар саны - 36, оның ішінде 30 оқушы мемлекеттік грантты иеленді және 8 оқушы арнаулы оқу орнына оқуға түсіп, 5-еуі колледж грантын иеленді.

2021/2022 оқу жылында мектеп бітіруші түлектер саны – 47 оқушы. ҰБТ-ге қатысқаны - 45 оқушы. Жалпы орташа балл – 76,73 балл. 100 балдан жоғары жинаған оқушылар саны -4-еу. Оқушылардың орналасуы бойынша – 47 оқушының барлығы оқу орындарына орналасты. Жоғары оқу орнына түскен оқушылар саны - 38, оның ішінде 21 оқушы мемлекеттік грантты иеленді және 9 оқушы арнаулы оқу орнына оқуға түсіп, 4-еуі колледж грантын иеленді.

2022/2023 оқу жылында 11 сыныпты бітіруші түлектер саны – 64 оқушы. ҰБТ – ге қатысқан оқушылар саны – 64. Жалпы орташа балл – 84,57 -ні құрады. 100 балдан жоғары жинаған оқушылар саны – 16. Оқу жылы бойынша 64 оқушының жоғары оқу орнына түскен оқушылар саны - 61, оның ішінде 41 оқушы мемлекеттік грантты иеленді және 3 оқушы арнаулы оқу орнына оқуға түсіп, 2-еуі колледж грантын иеленді.

	2020/2021	2021/2022	2022/2023
Түлектер саны	44	47	64
ҰБТ қатысқан оқушылардың саны және пайызы	38(86,36%)	45(95,7%)	64(100%)
Орташа балл	81,13	76,73	84,57
100 баллдан жоғары жинаған оқушыларды саны	5	4	16

Оқу жылы	11 сынып оқушылар саны	ЖОО оқуға түскен оқушылар саны	ЖОО грант иеленген оқушылар саны	Колледжге оқуға түскен оқушылар саны	Колледже грантын иеленген оқушылар саны	Еш жерге орналаспаған оқушылар саны
2020/2021	44	36	30	8	5	
2021/2022	47	38	21	9	4	
2022/2023	64	61	41	3	2	

- 2020/2021 оқу жылында «Алтын белгі иегерлері» саны – 2, «Үздік аттестат» иегелер саны – 2;
- 2021/2022 оқу жылында «Алтын белгі иегерлері» саны – 2, «Үздік аттестат» иегелер саны – 7;
- 2022/2023 оқу жылында «Алтын белгі иегерлері» саны – 6, «Үздік аттестат» иегелер саны – 7;
- **2023 жылы: Рысқалиева Нұрсұлтан – 137 балл иеленіп, республика бойынша жоғары көрсеткішке ие болды.**

Соңғы үш оқу жылының қорытындысы бойынша барлық «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» иегерлері мемлекеттік грант иеленіп, жоғары оқу орындарында білім алып жатыр.

2023 / 2024 оқу жылы бойынша мектеп бітіруші түлектер саны – 75. Оның барлығы ҰБТ – ге қатысуға ниет білдіріп отыр. «Алтын белгіге» үміткерлер саны – 3, ал «Үздік аттестатқа» үміткерлер саны – 7 оқушы.

ҰБТ – ге дайындық шаралары негізінде мектепішілік жоспар жасалынған. Оқушыларды ҰБТ – ге дайындау мақсатында қосымша кесте жасалынып, пән мұғалімдері қосымша сабақтар жүргізуде. Оқушылардан айына 3-4 рет сынама тест алынып, сараптама жасалды. Оқушылардан алынған сынама тест қорытындысы бойынша жалпы орташа балда өсу прогрессі бар. Сынама тестілеу жұмыстарының қорытындысы педагогикалық және директор жанындағы кеңесте талқыланып, үнемі мектепішілік бақылауда мониторинг жүргізіледі.

11 сынып оқушыларымен үздіксіз кәсіби бағдар беру жұмыстар жүргізіліп келеді. Мектеп бітіруші түлектер үшін мектепішілік, арналуы оқу орындарының мамандары және жоғары оқу орындарының ұстаздары келіп, кәсіптік бағдар береді. Сонымен қатар, Қорқыт – Ата университеті басшылығымен меморандум жасалынып, оқушыларға және ата – аналарға кездесу кештері ұйымтасрылып, профориентация беріліп отырады.

Биылғы оқу жылында Қызылорда облыстық білім басқармасы және аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлттық тестілеу орталығының директорымен «ҰБТ – 2024 жылғы өзгерістер мен жаңалықтар» туралы кездесу өткізілді. Кездесуде мамандықтар, мемлекеттік гранттар, жоғары оқу орындары және ҰБТ жаңалықтары туралы сұхбаттар ұйымдастырылып, оқушылармен ата – аналарға толық ҰБТ туралы ақпараттар берілді.